



# ДАНА БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫНА  
ҚОСЫМША

№ 1 (29), 2022

ЗАМАНАУИ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ:  
ҮРДІСТЕР, МӘСЕЛелЕРІ, КЕЛЕШЕГІ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі  
педагогтерінің съезі

СОВРЕМЕННОЕ ДОШКОЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ:  
ТЕНДЕНЦИИ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ

[www.irrd.kz](http://www.irrd.kz)

**Меншік иесі:** Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
«Балаларды ерте дамыту  
институты» РММ

Республикалық ғылыми-  
ақпараттық  
әдістемелік журнал

**Бас редактор:** *Манара Елекенқызы  
Адамова*  
ҚР Білім және ғылым  
министрлігі «Балаларды ерте  
дамыту институты»  
РММ директоры

**Редакция алқасы:** *Абылгазина А.Е.  
Сарсембина Б.К.  
Хаменова М.О.*  
«Балаларды ерте дамыту  
институты» РММ  
Мектепке дейінгі тәрбие мен  
оқыту мазмұны бөлімі

**Техникалық  
редактор:** *Тюлебаева Г.К.  
Рысбаева Н.Р.*  
«Балаларды ерте дамыту  
институты» РММ  
Ақпараттық талдау бөлімі

**ДАНА БАЛА**

---

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрлігі  
Байланыс ақпараттандыру және ақпарат  
комитетінің мерзімді баспасөз  
Басылымын және ақпараттық агенттікті  
есепке қою туралы №14553-Ж  
куәлігімен есепке қойылды (15.09.2014ж)

---



## **Құрметті әріптестер!**

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін әрі қарай жетілдіру жолындағы қадам 2021 жылы ел Үкіметінің қаулысымен бекітілген даму моделінің қабылдануынан бастау алады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі мектепке дейінгі білім беру жүйесін одан әрі трансформациялау бағыттарын айқындайтын тұжырымдамалық негіз болып табылады.

Біз үшін балаларды тәрбиелеуде жанымызға жақын, әрі тұрақтылыққа ие дәстүрлерімізді құрметтеу - бізге тән қасиет. Бұл қасиет ұрпақтан-ұрпаққа берілетін және адамның моральдық және дүниетанымдық қалыптасуына әсер ететін құндылық өлшемдерінің болуымен қамтамасыз етіледі. Бұл бағытта Модель ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыруды, отбасымен ынтымақтастық нысанын кеңейтуді көздейді.

Осы орайда, 25 ақпанда Көкшетау қаласында өткен «Заманауи мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту: үрдістері, мәселелері, келешегі» атты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі педагогтарының съезі модельді іске асыру шеңберінде тәрбие мен оқытудың қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етуге бағытталған мәселелерді талқылаудағы үлкен диалог алаңына айналды.

Съезді Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов өзінің құттықтау сөзімен ашты және мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту бағытындағы түбегейлі шаралар Қазақстанның білім беру жүйесін дамыту Тұжырымдамасында белгіленгенін, оның негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінің негізгі міндеттері іске асырылатынын атап өтті.

Пленарлық отырыста және «Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық процесті ұйымдастырудың заманауи тәсілдері және оның мазмұны», «Сапа өлшемшарттары және менеджмент», «Ойын - баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы», «Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби және тұлғалық өсуі» тақырыптары көтерілген секция жұмыстарының барысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың өзекті мәселелері талқыланды.

Құрметті әріптестер! Съезд резолюциясы мектепке дейінгі және бастауыш білім беру бағдарламаларының қайта қаралуы мен сабақтастығын қамтамасыз етуді, Үлгілік оқу жоспары мен үлгілік оқу бағдарламасын, педагог кадрларды даярлау және қайта даярлау, біліктілікті арттыру бағдарламаларын қайта қарау және басқа да маңызды ұсыныстарды қамтиды.

Қазіргі жағдайда мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалаудың бірыңғай критерийлерін әзірлеу қажет, себебі ол баланың жеке тұлғасын дамытудың негізін қалайды және баланың мектепке сапалы дайындығының кепілі болмақ.

Сіздерге зор денсаулық, үлкен шығармашылық табыс, бірлескен педагогикалық қызметімізде биік жетістіктер тілейміз.

Құрметпен,  
ҚР БҒМ «Балаларды ерте дамыту институты»

## **Уважаемые коллеги!**

Первым шагом на пути к совершенствованию системы дошкольного образования было принятие в 2021 году Модели развития, утвержденного постановлением Правительства страны. Модель развития является концептуальной основой, определяющее направления дальнейшей трансформации системы дошкольного образования.

Для нас свойственно в воспитании детей большое почитание традиций, близкое нашему менталитету, обладающее устойчивостью. Такое свойство обеспечивается наличием ценностных критериев, передающихся из поколения в поколение и влияющих на формирование нравов и мировоззрение человека. В этом направлении Модель предусматривает формирование личностных качеств ребёнка на основе духовно-нравственных ценностей через национальную культуру и традиции, расширение формы сотрудничества с семьей.

Съезд педагогов системы дошкольного воспитания и обучения «Современное дошкольное воспитание и обучение: тенденции, проблемы, перспективы», прошедший 25 февраля в г. Кокшетау, был диалоговой площадкой для обсуждения вопросов дошкольного образования, направленных на обеспечение доступности и качества дошкольного воспитания и обучения в рамках реализации Модели.

Приветственным словом съезд открыл Министр образования и науки РК Асхат Аймағамбетов, подчекнув, что кардинальные меры по модернизации дошкольного образования обозначены в Концепции развития системы образования Казахстана, на основе которой будут реализованы основные задачи Модели развития дошкольного воспитания и обучения.

Актуальные проблемы дошкольного воспитания и обучения были рассмотрены на Пленарном заседании и работе секционных площадок: «Современные подходы к организации педагогического процесса в дошкольных организациях и его содержание», «Критерии качества и менеджмент», «Игра- ведущая деятельность и основное средство развития детей», «Профессиональный и личностный рост педагогов дошкольного образования».

Уважаемые коллеги! Резолюция Съезда включает преемственность и пересмотр образовательной программы дошкольного и начального образования, пересмотр типовых учебных планов и типовой учебной программы, программ подготовки и переподготовки педагогов, программ повышения квалификации педагогов дошкольного образования и другие важные рекомендации.

В нынешних условиях необходима разработка единых критериев оценки качества дошкольного образования, ведь оно призвано обеспечить создание основного базисного фундамента развития личности ребенка и доступа к качественному школьному образованию.

Желаем Вам крепкого здоровья, больших творческих успехов, высоких достижений в нашей совместной педагогической деятельности.

С уважением,  
«Институт раннего развития детей» МОН РК

# МАЗМҰНЫ

## Содержание

### ЗАМАНАУИ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ: ҮРДІСТЕР, МӘСЕЛЕЛЕРІ, КЕЛЕШЕГІ

### СОВРЕМЕННОЕ ДОШКОЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ: ТЕНДЕНЦИИ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ

<i>Құрметті съезд қатысушылары!</i> .....	6
<i>Уважаемые участники съезда!</i> .....	9
<i>Мектепке дейінгі тәрбиенің көкейкесті мәселелері</i> .....	12
<i>Білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттауы</i> .....	14
<i>Мектепке дейінгі білім беру мен бастауыш білім беру арасындағы сабақтастықтың әдістемелік негіздері</i> .....	19
<i>Раннее вмешательство в системе инклюзивного образования</i> .....	23
<i>Повышение качества дошкольных организаций через планирование и мониторинг</i> .....	29
<i>Частные дошкольные организации: основные проблемы, и перспективы совершенствования</i> .....	32
<i>Современный воспитатель – влияние общества на его роль</i> .....	34
<i>Болашақ ұрпаққа арналған жаңа технологиялар: мектепке дейінгі ұйымдардың сандық білім беру ортасы</i> .....	36
<i>Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығындағы ғылыми негізделген сүйемелдеу</i> .....	38
<i>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үрдісіндегі педагог пен баланың рөлі</i> .....	41
<i>Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиедегі инновация</i> .....	43
<i>Педагогическое сообщество - фактор повышения качества дошкольного воспитания и обучения</i> .....	45
<i>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ғылыми негіздеу және қолдау</i> .....	48
<i>Рухани жаңғыру идеясын кешенді іске асырудың жаңаша бағыт-бағдарлары</i> .....	51
<i>Мектепке дейінгі мамандарды даярлауда педагогикалық практиканың маңыздылығы</i> .....	53



Ұлттық тәрбиемен халықтық педагогикасын қолдану барысындағы тиімді менеджмент .....	55
Менеджмент качества, как важное условие трансформации системы воспитания и обучения .....	58
Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиемен оқытудың сапасын көтеру аясындағы менеджмент .....	61
Реализация профессионального потенциала педагогического коллектива как фактора повышения качества образования .....	64
Балабақша меңгерушілерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруде «табысты басшы» жобасының рөлі .....	66
Синтелектуалдық ойын көрінісі – робототехниканың мүмкіндігін қолдану .....	68
Роль игры в обучении детей дошкольного возраста .....	72
Инклюзивті білім беруде ойын әрекетінің маңызы .....	74
Использование камешков марблс как один из нетрадиционных игровых приемов обучения детей с нарушениями речи .....	75
Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ұлттық бағыттағы үстел үсті ойындары .....	79
Игра-ведущая деятельность и основное средство развития детей .....	85
Геймификация в образовании: игровой подход в обучении .....	87
Повышение читательской компетентности детей, родителей и педагогов через реализацию социально-педагогического проекта «жас оқырман» .....	89
Модель непрерывного профессионального развития педагогов дошкольного образования .....	92
Болашақ мамандардың кәсіби дамуының басым бағыттары .....	95
Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің кәсіби өсуі – білім беру сапасын арттыру факторы .....	97
Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби және тұлғалық өсуі .....	100
Об особенностях разработки образовательной программы «дошкольное обучение и воспитание» .....	105
Мектепке дейінгі тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін дамыту .....	109

# ДАНА БАЛА

## Негізгі тақырыптық бағыты

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы бойынша озық идеялар мен тәжірибелерді тарату, педагогтар мен ата-ана қауымына ақпарат түрінде әдістемелік көмек көрсету

## Основная тематическая направленность

Распространение передовых идей и опыта в области дошкольного воспитания и обучения, оказание методической помощи педагогической и родительской обществу в виде информационного материала

**Құрметті съезд қатысушылары!**

Бүгінгі күн тәртібінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етуге бағытталған, мектепке дейінгі білім берудің мәселелерін талқылайтын боламыз.

Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамту мәселелері көбіне соңғы 10 жылда шешілді. Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім беруді дамытудың басым бағыттары модельді іске асыруда көзделген сапалық көрсеткіштерді арттыруға бағытталған.

Қолжетімді және сапалы мектепке дейінгі білім беру 2030 жылға дейін тұрақты даму мақсаттарының тізбесіне енген.

Мектепке дейінгі ұйымдарды ашу үшін жеке бизнесті тарту және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру есебінен мектепке дейінгі жекеменшік ұйымдар желісі 13 есе – 2010 жылы 347 бірліктен 2020 жылы 4556 бірлікке дейін ұлғайды.

2021 жылғы әкімшілік деректер бойынша мектепке дейінгі ұйымдар желісі 922 400 бала контингентімен 10871 бірлікті құрайды.

Еліміздегі халық санының 2025 жылға дейінгі өсу серпіні болжамы бойынша 2-6 жастағы балалар контингентін 132 572 балаға және 3-6 жастағы балалар контингентін 97 114 балаға ұлғаяды деп жобалануда. Бұл фактілер мектепке дейінгі ұйымдардағы орындарға 50% - ға қосымша қажеттілікті көрсетеді.

ЭЫДҰ деректеріне сәйкес балалардың ерте дамуына инвестициялардың қайтарымы кейіннен түзетуші білім беруге, еңбек өнімділігін арттыруға, салық төлемдерінің өсуіне және қылмыстың төмендеуіне қаражатты үнемдеу есебінен жыл сайын 7-10% - ды құрайды. Сонымен қатар, 2018 жылы Қазақстанда жүргізілген PISA халықаралық зерттеуінің нәтижелері мектепке дейінгі білім алу балалардың одан арғы табыстарына оң әсер ететінін растайды. Бұл үрдіс TIMSS және PIRLS сияқты басқа да халықаралық зерттеулермен дәлелденген.

2021 жылы «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының базасында Балаларды ерте дамыту институты құрылды және еліміздің аумағында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалауды ауқымды зерттеу басталды. Зерттеудің аралық талдауы, сонымен бірге мектепке дейінгі ұйымдарды аттестаттау қорытындылары қоршаған орта қауіпсіздігінің, дамытушы кеңістікті ұйымдастырудың, педагогтің балалармен сапалы өзара іс-әрекеті индикаторлары бойынша төмен нәтижелерді көрсетті.

Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін одан әрі жаңғырту қажет:

Бірінші. Мектепке дейінгі білім беру жүйесін трансформациялау жолындағы алғашқы қадам 2021 жылы ел Үкіметінің қаулысымен бекітілген даму Моделін қабылдау болды. Даму моделі мектепке дейінгі білім беру жүйесін одан әрі трансформациялау бағыттарын айқындайтын тұжырымдамалық негіз болып табылады.

Модельді іске асыру:

- «Ойын арқылы оқыту» қағидасы бойынша тәрбиелеу мен оқытуға жаңа тәсілдер
- Мемлекеттік стандартты, Үлгілік оқу бағдарламасын өзгерту және балама білім беру бағдарламалын енгізу

- Баланы тәрбиелеу процесіне отбасын тарту үшін «Балабақша–бала–отбасы» тәсілін іске асыру
- Тәрбиешілердің біліктілігін арттыру, даярлаудың жаңа бағдарламаларын енгізу
- Балабақша сапасын бағалауды енгізу.

Екінші. Сапаға қол жеткізуге бағытталған жұмыс нормативтік құжаттарды жетілдіру, педагогтерді даярлау сапасын арттыру, педагогтердің біліктілігін арттыру, қолжетімді кеңістік-білім беру ортасын құру үшін балабақшалардың материалдық жағдайын жақсарту жолымен қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады. 2022 жылы мектепке дейінгі саланың 15 095 (15 мың) педагогы біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

«Педагог мәртебесі туралы» Заңға сәйкес жоғары оқу орындарына тиісті бейіні бойынша емес педагогикалық білімі бар адамдар үшін педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламаларын әзірлеу ұсынылды.

Үшінші. Зерттеу жүргізумен бірге, Сапаны бағалаудың ұлттық жүйесінің негізіне салынатын мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу сапасын бағалау өлшемшарттары әзірленуде. Осындай жүйені қалыптастыру ең үздік әлемдік ғылыми практикалар мен тәсілдерді пайдалана отырып, іргелі ғылыми-негізделген тәсілді талап етеді.

Біздің міндетіміз – білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету және ата-аналардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мектепке дейінгі ұйымдар сақтауы қажет ең төменгі стандарттарды анықтау. Мектепке дейінгіден жоғары оқу орнынан кейінгі білімге дейінгі білім беру бағдарламаларын сапалы трансформациялау және сабақтастығын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде. Тәрбиелеу мен оқыту баланың бастауыш мектепте оқуы және қоғамда әлеуметтенуі үшін қажетті базалық өмірлік дағдыларын дамытуға бағытталатын болады.

Сонымен бірге, біз балаларды тәрбиелеуде тұрақтылыққа ие, біздің менталитетімізге жақын дәстүрлерді құрметтейміз.

Бұл қасиет ұрпақтан-ұрпаққа берілетін және адамның моральдық, дүниетанымдық қалыптасуына әсер ететін құндылық өлшемдерінің болуымен қамтамасыз етіледі. Бұл бағытта Модель ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруды, отбасымен ынтымақтастық нысанын кеңейтуді қарастырады.

Сонымен қатар, отбасы институтын қалпына келтіру және жас ата-аналарды, болашақ ата-аналарды ағартуды күшейту қажет. Себебі, қазақ қоғамында бала тәрбиесімен отбасының тұтас қоғамдық институты айналысқан кезде, бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды толыққанды тәрбиелеудің жүгі бір ғана тәрбиешінің иығына түседі.

Қазақстанның білім беру жүйесін дамыту Тұжырымдамасында белгіленген мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту бойынша түбегейлі шаралар, оның негізінде «Білімді Ұлт» Ұлттық жобасының негізгі міндеттері мен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі іске асырылатын болады.

Ең алдымен, бұл МЖӘ және бизнесті тарту негізінде балабақшалар салу. Жан басына шаққандағы қаржыландыру қағидасын дербестендіру және қаражатты ата-анаға бекіту жағына (ваучер) өзгерту жоспарлануда. 2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласында «қаражат балаға» қағидаты бойынша ваучерлік қаржыландыруды пилоттау

басталды және ол пысықталғаннан кейін мектепке дейінгі білім берудің бүкіл жүйесіне таратылатын болады.

Мемлекеттік тапсырысты орналастыру жүйесі халықтың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қажеттілігін есепке алудың өзгеруіне және ата-аналар үшін ваучерлердің енгізілуіне байланысты қайта қаралатын болады. Өңірлік көші-қон ағындары мен бала туу болжамы мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тапсырысты орналастыруды жоспарлаудың міндетті шарты болады.

Ел бойынша кезектіліктің бірыңғай базасын құру үшін әртүрлі ақпараттық жүйелер арасындағы интеграция мәселесі пысықталуда.

Кезекке қоюдың өңірлік ақпараттық жүйелеріне қойылатын талаптар заңнамалық негізде, оның ішінде ҰБДҚ-мен интеграция, міндетті аудит, LMS, блокчейн, бірінші жыл ішінде АЖ-ні өнеркәсіптік пайдалануға енгізу жөніндегі провайдердің міндетін енгізу және аттестаттаудан өту арқылы сәйкестендендірілетін және күшейтілетін болады.

Балалар мектепке дейінгі ұйымдарда болғанда олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар, балаларға инклюзивті білім беру үшін жағдайлар жасау артатын болады.

Мектепке дейінгі ұйымды басқару жүйесін жаңғыртуда басты мақсатқа қол жеткізу – баланың тұлғасын дамытуға бағытталатын болады. Бұл бағытта баланың жасына және деңгейіне сәйкес ресурстарды таңдау мүмкіндігі жоғары, сапалы дамытушы білім беру кеңістігін құру қажет.

Бала скринингінің, оның психологиялық-медициналық-педагогикалық диагностикасының және медициналық және мектепке дейінгі ұйымдардың мамандарының бақылауының мәліметтеріне негізінде ерекше білім беру қажеттіліктерін ерте анықтау және түзету жүйесін құру мақсатында білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларының ақпараттық жүйелерін интеграциялау және оларға бірлесіп қол жеткізу тетіктері пысықталатын болады.

Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің мәртебесін арттыру шеңберінде олардың жалақысы төрт жылда 100% - ға ұлғайтылатын болады.

Колледждер мен жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары ерте балалық психология мен педагогиканың қазіргі заманғы жетістіктерін ескеріп, өзектендірілетін болады.

Модельді іске асыру шеңберінде жүргізілген сапаны зерттеу қорытындылары бойынша жыл соңына дейін ел бойынша үздік тәжірибені тарату үшін 34 «өсу нүктелері» Құзіреттер орталығы айқындалатын болады.

### **Құрметті әріптестер!**

«Нағыз тәрбиеші ұстаз - бойында он екі тума табиғи қасиеті бар және алты жүре дарыған қасиетті меңгерген, дана адам болуы керек» деген екен ұлы ұстаз Әль-Фараби.

Тәрбие мен білім - бір-бірінен бөлек қарастырылмайтын күрделі процесс.

Олай болса, жауапкершілікті сезіну және сапаға қол жеткізу - біздің ұрпақ алдындағы борышымыз!

ҚР Білім және ғылым министрі А.Қ.Аймағамбетов



### **Уважаемые участники съезда!**

Сегодня на повестке дня мы обсудим вопросы дошкольного образования, направленные на обеспечение доступности и качества дошкольного воспитания и обучения.

В сфере дошкольного образования за последние 10 лет, в большей степени, решены вопросы охвата детей дошкольным воспитанием и обучением. На данном этапе приоритеты развития дошкольного образования направлены на повышение качественных показателей, которые предусмотрены в реализации модели развития дошкольного воспитания и обучения. Доступное и качественное дошкольное образование входит в перечень целей в области устойчивого развития до 2030 года.

За счет привлечения частного бизнеса для открытия дошкольных организаций и размещения государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение сеть частных дошкольных организаций увеличилась более чем в 13 раз – с 347 единиц в 2010 году до 4556 единиц в 2020 году. По административным данным за 2021 год сеть дошкольных организаций составляет 10871 ед. с контингентом 922 400 детей.

Прогноз динамики роста населения страны до 2025 года предполагает увеличение контингента детей 2-6 лет на 132 572 детей и 3-6 лет на 97 114 детей. Данные факты указывают на дополнительную потребность мест в дошкольных организациях еще на 50%.

Согласно данным ОЭСР, возврат инвестиций в раннее развитие детей составляет 7-10% ежегодно, за счет экономии средств на последующее корректирующее образование, повышение производительности труда, рост налоговых платежей и снижение преступности. Более того, результаты международного исследования PISA, проведенного в Казахстане в 2018 году, подтверждают, что получение дошкольного образования положительно влияет на дальнейшие успехи детей. Этот тренд также подтверждается другими международными исследованиями как TIMSS и PIRLS.

В 2021 году создан Институт раннего развития детей на базе Республиканского центра «Дошкольное детство» и начато масштабное исследование оценки качества дошкольного воспитания и обучения на территории страны. Промежуточный анализ исследования, а также итоги аттестации дошкольных организации показывают низкие результаты по индикаторам безопасности среды, организации развивающего пространства, качественного взаимодействия педагога с детьми.

Поэтому необходима дальнейшая модернизация системы дошкольного воспитания и обучения:

Первое. Первым шагом на пути к трансформации системы дошкольного образования было принятие в 2021 году Модели развития, утвержденного постановлением Правительства страны. Модель развития является концептуальной основой, определяющее направления дальнейшей трансформации системы дошкольного образования.

Реализация модели предусматривает:

- Новые подходы к воспитанию и обучению по принципу «обучение через игру».
- Изменение Госстандарта, типовых учебных программ и внедрение альтернативных образовательных программ.

- Реализация подхода «Детский сад–ребенок–семья» для вовлечения семьи в процесс воспитания ребенка.
- Повышение квалификации воспитателей, внедрение новых программ подготовки.
- Внедрение оценки качества детских садов.

Второе. Работа, направленная на достижение качества будет осуществляться поэтапно, через обеспечение доступности, путем совершенствования нормативных документов, повышения качества подготовки педагогов, повышения квалификации педагогов, улучшения материального положения детских садов для создания развивающей доступной пространственно-образовательной среды. В 2022 году 15 095 (15 тысяч) педагогов дошкольной сферы пройдут курсы повышения квалификации.

В соответствии с Законом «О статусе педагога», вузам рекомендовано разработать образовательные программы педагогической переподготовки для лиц, имеющих педагогическое образование не по соответствующему профилю.

Третье. Параллельно с проведением исследования, разрабатываются критерии оценки качества дошкольного обучения и воспитания, которые будут заложены в основу Национальной системы оценки качества. Формирование такой системы требует фундаментального научно-обоснованного подхода, с использованием лучших мировых научных практик и подходов.

Наша задача – определить минимальные стандарты, которые необходимо соблюдать дошкольным организациям для обеспечения качества образовательных услуг и удовлетворения родительской потребности. Идет работа по качественной трансформации и обеспечению преемственности образовательных программ от дошкольного до послевузовского образования. Воспитание и обучение будут направлены на развитие у ребенка базовых жизненных навыков, необходимых для его обучения в начальной школе и социализации в обществе.

При этом, для нас свойственно в воспитании детей большое почитание традиций, близкое нашему менталитету, обладающее устойчивостью. Такое свойство обеспечивается наличием ценностных критериев, передающихся из поколения в поколение и влияющих на формирование нравов и мировоззрение человека. В этом направлении Модель предусматривает формирование личностных качеств ребёнка на основе духовно-нравственных ценностей через национальную культуру и традиции, расширение формы сотрудничества с семьей.

Кроме этого, требуется восстановление института семьи и усиление просвещения молодых родителей, будущих родителей. Так как на сегодняшний день, груз полноценного воспитания детей, в дошкольных организациях ложится на плечи одного только воспитателя, когда в казахском обществе этим занимался целый общественный институт семьи.

Кардинальные меры по модернизации дошкольного образования обозначены в Концепции развития системы образования Казахстана, на основе которого будут реализованы основные задачи Национального проекта «Білімді Ұлт» и модели развития дошкольного воспитания и обучения.

Прежде всего, это строительство детских садов на основе ГЧП и привлечения бизнеса. При этом планируется изменение принципа подушевого финансирования в сторону персонализации и закрепления средств за родителем (ваучер). В 2021 году

*стартовал пилот ваучерного финансирования по принципу «деньги за ребенком» в г. Нур-Султан и после отработки будет транслирован на всю систему дошкольного образования.*

*Система размещения государственного заказа будет пересмотрена в связи с изменением учета потребности населения в дошкольном воспитании и обучении и внедрением ваучеров для родителей. Обязательным условием планирования размещения государственного заказа в дошкольных организациях станет прогноз региональных миграционных потоков и рождаемости.*

*Прорабатывается вопрос интеграции между разными информационными системами для создания единой базы очередности по стране. Требования к региональным информационным системам постановки на очередь будут на законодательной основе унифицированы и усилены, в т.ч. через интеграцию с НОБД, обязательный аудит, LMS, блокчейн, введения обязанности провайдера по вводу ИС в промышленную эксплуатацию в течение первого года и прохождения аттестации.*

*Будут повышены требования к безопасности пребывания детей в дошкольных организациях, созданы условия для инклюзивного образования детей.*

*Модернизация системы управления дошкольной организацией будут ориентированы на достижение главной цели – развитие личности ребенка. В данном направлении необходимо создание развивающего образовательного пространства высокого качества с большим выбором ресурсов, соответствующих возрасту и уровню ребёнка.*

*Будут проработаны механизмы интеграции и совместного доступа к информационным системам сфер образования, здравоохранения и социальной защиты с целью создания системы раннего выявления и коррекции особых образовательных потребностей на основе данных скрининга ребенка, его психолого-медико-педагогической диагностики и наблюдения специалистами медицинских и дошкольных организаций.*

*В рамках повышения статуса педагогов дошкольных организаций их заработная плата за четыре года будет увеличена на 100%.*

*Образовательные программы колледжей и вузов будут актуализированы с учетом современных достижений психологии и педагогики раннего детства.*


*По итогам исследования качества проводимого в рамках реализации модели до конца года по стране будут определены 34 Центра компетенций «точки роста» для распространения лучшей практики.*

### **Уважаемые коллеги!**

*Как сказал великий просветитель Аль-Фараби: «Настоящий учитель должен быть мудрым человеком, обладающим двенадцатью врожденными природными качествами и шестью приобретенными».*

*Воспитание и образование – это единый целенаправленный процесс, который не рассматривается отдельно друг от друга. А раз так, то чувство ответственности и достижение качества – наш долг перед поколением!*

Министр образования и науки РК Аймагамбетов А.К.



**Жумабекова Фатима Ниязбековна**

п.ф.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ  
Доцент

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕНІҢ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Тәрбие тал бесіктен» деген халық даналығы айғақтап тұрғандай, бала тәрбиесі, оның дүние есігін ашқан күнінен басталады. Бұл тұрғысында халықаралық зерттеулер негізіндегі алғашқы 1000 күннің маңыздылығы туралы дәлелдер біздің бала тәрбиесіндегі өз философиямызға сілтейді. Бүгінгі күні білімді өмір бойы жалғасатын тұрақты процесс ретінде, яғни оның басталуы баланың туылған сәтімен сәйкес келуін қарастыру білім беру процесін ұйымдастырудың икемді стандарттарын қабылдауды көздейтін болса, біз оны өзіміздің рухани жан-дүниемізбен байланыстыруымыз қажет. Себебі, қазақ қоғамында бала тәрбиесі мен оның дамуы үнемі коллаборативтік әлеуметтік ортада кіріктіріле жүрген. Бұл - қазіргі заманның талабындағы баланың бойында өмірлік дағдыларды қалыптастыру қағидасының негізі. Осы орайда, ғалым ретіндегі шәкірттеріммен бірге жасаған зерттеулерім және педагогтердің тәжірибесін зерделеу жұмыстарының нәтижесінде мазмұнды жетілдіруге байланысты бірнеше маңызды ұсыныстарды жеткізгім келеді:

1) ҚР «Білім туралы» Заңының 30-шы бабында балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу жүзеге асырылатыны туралы айтылған. Ал мектепке дейінгі оқыту балаларды мектепте оқытуға мектепалды даярлық түрінде бес жастан бастап жүзеге асырылатыны көрсетілген. Олай болса, ерте жастан бастап лайықты күтім, өмірге қажетті дағдыларын дамыту және оны тәжірибеде үйрету, ойын баласы үшін тек еркін іс-

әрекет барысында, оның жас ерекшелігіне сәйкес келетін жолмен жүзеге асырылуы тиіс. Яғни, қазіргі уақытта біз екі мәселені шешуіміз керек. Ол, стандартты және Үлгілік оқу жоспарын қайта қарау. Осылардың негізінде Заңға сәйкес Үлгілік оқу жоспарын 5 жастан қарастырып, 1-4 жас аралығында тәрбие бағдарламасын жасау, оның ішінде баланың жас ерекшелігіне сәйкес оның тиісті дағдыларын қалыптастыру мен баланы толыққанды дамытудың әдістемесін педагогикалық іс-әрекетке лайықтап салу, режимдік сәттердің мүмкіндіктерін баланы дамытуға ұтымды қолдану жолдарын көрсетіп жазып беруді ұсынамын;

2) осы айтылған ойлар келесі маңызды шешімге жетелейді. Егер 5 жас міндетті мектепке дайындық кезеңі болса, ол «міндетті 1-ші деңгейге енуі тиіс және әлемдік тәжірибедегідей, білім алу сатысының алғашқы баспалдағы болмақ;

3) отбасы құндылықтары мен ұяда алған тәрбиенің орнын ештеңе алмастыра алмасына көз жеткізуге болады. Олай болса, отбасы институтын дамыту, мектеп жасына дейінгі баланы үйде тәрбиелеп отырған ата-анаға кеңес беру, педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру, балабақшадағы тәрбие мен білім беру процесінің қатысушысы ретінде ата-анасын тарту іске асырылуы тиіс. Мұндай маңызды қадам өз нәтижесін берері сөзсіз.

4) сабақтастық тұрғысында, дана халқымыздың бесік жырымен қанат бітіріп, жастайынан ертегілермен балалардың қиялын ұштап, философиялық

талғамды сұрақтардың көмегімен ой-өрісін кеңейтіп, жыр-дастандарды жаттатумен зердесін дамытқанын, ата сөзінен өсиет, әкесі мен анасының тәрбиесінен өнеге дарытқанын ескерсек, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен баланы толыққанды дамыту бағдарламасының жетілдірілуі тиіс мазмұны шығады.

Сонымен қатар, тәрбиешілердің білімін жетілдіру, жоғарғы оқу орындарында және колледждерде студенттердің педагогикалық практикадан өтуін қамтамасыз ету, педагогикалық жоғарғы оқу орындарының кафедраларының жанынан баланы ерте дамыту әдістемесі бойынша зертханалар ашу, мамандыққа қайта даярлау кезек күттірмес мәселелер болып отыр. Бұл да модельді жүзеге асыру міндеттерінің бірі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруді дамыту моделінде жоғары сапа деңгейіне қол жеткізген елдерде саладағы ағымдағы проблемаларды қадағалауға және тиісті ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік беретін эмпирикалық және қолданбалы зерттеулер тұрақты негізде жүргізілетіні, ал педагогтер өз тәжірибесін зерттеумен тұрақты түрде айналысатыны айтылған. Бұл үшін педагог шеберлігінің тиісті деңгейі және үнемі даму мен оқуға деген ұмтылыс қажет екені сөзсіз.

Тағы бір өзекті мәселе, ол қазақ тіліндегі балабақша тәрбиешілері мен педагогтеріне қажетті ресурстардың жеткіліксіздігі. Бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызы дәлелденген, сондықтан баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау қажет. Ол үшін мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қазақ тіліндегі кітаптар, мультфильмдер қорын жасау қажет.

Тәрбие мен білім - бір-бірінен бөлек

қарастырылмайтын күрделі процесс. Сондықтан жаңа заманның жаңашыл педагогіне кәсіби құзіреттілігін үнемі дамытып, жетілдіріп отыру қажеттілігі туындайды. Осы орайда, М. Жұмабаевтың «баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек» деген сөзі бүгінгі күннің талабын шегелеп тұрғандай.

Соңғы айтарым, бүгінгі таңда балабақшада балалардың ойлауы да сөйлеуі де орысша болып отырғаны алаңдатады. Соның ішінде жас ата-аналарға бала тәрбиесінде жан-жақты кеңес берудің тиімді тетіктерін табуымыз керек. Баланың «бал тілін» ерте сәбилік кезеңнен бастап өз ана тілінде шығаруға күш салуымыз қажет.

#### **Ұсыныстар:**

ЖОО педагогтерді даярлау және білім жетілдіру курстарының мазмұнын практикамен ұштастыру. Ол үшін педагогикалық мамандыққа дайындайтын ЖОО жанынан ресурстық база ашу, соның ішінде балабақшалармен байланысты нығайту;

– оқытудың барлық деңгейлері: бакалавриат, магистратура, докторантураның оқу үдерісінің сапасына қол жеткізу үшін білім беру бағдарламаларын толық жаңарту;

– оқу-әдістемелік құралдардың сапасын арттыру үшін сараптамалық кезеңнің талаптарын күшейту, нақты бірыңғай өлшемшарттар арқылы іріктеуді ұсынамын;

– қазақтіліндегі қосымша ресурстардың жоқтығы орыс тілді контенттерді ығыстыра алмай жатқандығына байланысты, осы мәселеге мемлекеттік деңгейде мән беруді ұсынамын.



**Мелдебекова Майра Турганбаевна**  
ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында  
сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының  
орынбасары

## БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУЫ

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И  
НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

## БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУЫ

Майра Турганбаевна Мелдебекова - ҚР  
БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны  
қамтамасыз ету комитеті төрағасының  
орынбасары

### НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АЛАҢДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ "БІЛІМ ТУРАЛЫ" ЗАҢЫ

##### МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ МАҚСАТЫ

Мемлекеттік аттестаттау-білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметтерінің білім берудің тиісті деңгейінің МЖМБС талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында жүзеге асырылатын рәсім

44-1) тармақша 1-бап

##### МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ РӘСІМІ

Мемлекеттік аттестаттауды білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, бес жылда бір рет профилактикалық бақылау арқылы жүргізеді

9) тармақша 5-бап

##### МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ

білім беру ұйымдарына құқық бұзушылық жасау себептері мен жағдайларының профилактикасы және алдын алу бойынша әдістемелік көмек (ұсынымдар) көрсетуге

БАҒЫТТАЛҒАН

8-5) тармақша 59-бап

2

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУЫ**

Мемлекеттік аттестаттауды өткізу барысында

білім беру ұйымына баруға тыйым салынады

құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркеу және білім беру ұйымын алдын ала хабардар ету талап етілмейді

білім беру ұйымының өкілдерін шақыруға тыйым салынады

Бақылау органы

мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекітеді

мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының тартылатын мамандарының, консультанттары мен сарапшыларының тізімін қалыптастырады

мемлекеттік аттестаттауды деректерді талдау, зерделеу және салыстыру арқылы жүргізеді: білім беру қызметін өзін-өзі бағалау материалдары; ақпараттандыру объектісі; ұйымдар мен уәкілетті МО-дан алынған мәліметтер.

Мемлекеттік аттестаттау жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өткізіледі.

**МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУДЫ ӨТКІЗУ АЛГОРИТМІ**

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУДЫ ЖҮРГІЗЕДІ

1

БАҚЫЛАУ ОРГАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУДЫ ЖҮРГІЗЕДІ

2

КОМИССИЯ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫН ТАЛДАУ, ЗЕРДЕЛЕУ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ ҚАРАЙДЫ

3

АТТЕСТАТТАЛҒАН

Білім беру ұйымының білім беру қызметі МЖМБС талаптарына сәйкес келген жағдайда тексерілетін субъект (объект) 5 жыл бойы бару арқылы профилактикалық бақылаудан босатылады

АТТЕСТАТТАЛҒАН ЖОҚ

Білім беру ұйымдары білім беру қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкессіздігін жоймаған жағдайда, тексерілетін субъект (объект) бару арқылы профилактикалық бақылауға жатады

Аттестатталған білім беру ұйымдарына қатысты білім алушылардың білім сапасын, іскерлігін, дағдылары мен құзыреттерін одан әрі жақсарту мақсатында өлшеуіштер қолданылады, бағасы бар қорытындыға бағалау парағы беріледі

«uzdik»

«zhaqsy»

«ortasha»

1

## БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫ

білім беру ұйымдарын өз бетінше ішкі бағалау

білім беру ұйымының өзі ұсынатын білім беру қызметтерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігі меніне жүргізетін бағалау

Білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы бойынша бейнеконтент ұсынылады

бағыттары бойынша білім беру қызметін талдау және зерделеу арқылы жүзеге асырылады

оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұны; оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі; білім алушылардың дайындық деңгейі; оқу мерзімі

Инвариантты компонент сабақтарының бейне мазмұны ұсынылады

МЖМБС жалпы талаптарын талдау кезінде баға өлшемшарттары қолданылады

білім беру ұйымдарын бағалауды айқындау үшін пайдаланылатын білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілермен бекітілген талаптардың жиынтығы

Бітіруші сыныптар мен курстардың білім алушыларына кешенді тестілеу жүргізіледі

МЖМБС жалпы талаптарын талдау кезінде бағалау өлшемшарттары қолданылады

білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүргізуге негіз болатын белгілер мен нақты өлшегіштер

МДҰ ұйымдарында бітіруші топ тәрбиеленушілерінің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) сауалнама жүргізіледі

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу кезінде бірыңғай тәсіл мен ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында ҚР БҒМ әдістемелік ұсыныстар әзірледі



## БАҒАЛАУ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту)

### □ НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

- ✓ білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС және ҮОЖ талаптарына сәйкестігі;
- ✓ ҮОЖ сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру;
- ✓ ҮОЖ сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру;
- ✓ МЖМБС және ҮОЖ талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының орындалуын қамтамасыз ететін "мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы;
- ✓ инклюзивті білім беру талаптарын орындау;
- ✓ баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы;
- ✓ "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Социум" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыру арқылы интеграциялау жолымен іске асыру;
- ✓ тәрбиеленушілердің дамуы мониторингінің (бастапқы мониторинг) болуы (бағаланатын кезеңге мониторингтердің көшірмелері қоса беріледі).







## БАҒАЛАУ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту)

### □ БІЛІМ АЛУШЫЛАР МЕН ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ КӨЛЕМІ

- ✓ ҮОЖ-да белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі;
- ✓ оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесін сақтау.

### □ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ

- ✓ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылдауға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар;
- ✓ МЖБС және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір білім беру саласы бойынша және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша игеруге жататын білім, білік, дағды мен құзырет көлемін игеру;
- ✓ тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің жас кезеңіне сәйкес болуы және талдау (қорытынды).



### □ ОҚУ МЕРЗІМІ

- ✓ жас кезеңін сақтау және топтарды бір жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау;
- ✓ тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін БЖТ үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімдерін сақтау.



## БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІНЕ ӨЛШЕУІШТЕР (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту)

### □ НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

- ✓ МЖБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының орындалуын қамтамасыз ететін "мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы;
- ✓ үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру;
- ✓ зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелері;
- ✓ шығармашылық, көркем байқаулар мен байқауларға қатысу нәтижелері.

Игеруге жататын білім, білік, дағды мен құзыреттілік көлемін игеру	uzdik	респонденттердің 75% - дан астамы тәрбиеленушілердің дайындық қанағаттанған деңгейіне
	zhaqsy	респонденттердің 60% - дан астамы тәрбиеленушілердің дайындық қанағаттанған деңгейіне
	ortasha	респонденттердің 50% - дан астамы тәрбиеленушілердің дайындық қанағаттанған деңгейіне

### □ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ

- ✓ МЖБС және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір білім беру саласы бойынша және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша игеруге жататын білім, білік, дағды мен құзырет көлемін игеру.

Сауалнама өлшегіш бойынша бағалаудың қорытынды пайыздық арақатынасы: "uzdik" – 75% – дан астам; "zhaqsy" - 60% - дан астам; "ortasha" - 50% - дан астам.





## Сауалнама

### □ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ДАҒДЫЛАРЫ

- Мәдени-гигиеналық дағдылар: Сіздің балаңыз гигиеналық, шынығу процедураларын өздігінен орындай ала ма?
- Салауатты өмір салты: Күн тәртібін сақтай ала ма?

### □ КОММУНИКАТИВТІ-ТІЛДІК ДАҒДЫЛАР

- Сөйлеудің грамматикалық құрылымы: Сіздің балаңыз сөйлемдерді дұрыс құрастыра ала ма?
- Байланыстырып сөйлеу: Сіздің балаңыз әр түрлі сөз таптарын, эпитеттер мен салыстыруларды қолдана отырып, монолог құрастыруды біледі ме?

### □ ТАНЫМДЫҚ ДАҒДЫЛАР

- Заттардың қасиеттеріндегі бағдарлау: Сіздің балаңыз заттарға қарап, олардың қасиеттері мен белгілерін анықтай ала ма?
- Қарапайым математикалық дағдылар: Сіздің балаңыз геометриялық фигуралардың құрылымдық сипаттамаларын, сандық қатынастарды тура және кері тәртіпте біле ме?

### □ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАР

- Музыкалық белсенділік: Сіздің балаңызда балалардың музыкалық аспаптарында ойнаудың қарапайым дағдылары бар ма?
- Өнімді әрекет: Сіздің балаңыз кескіннің сипатына сәйкес кескіннің техникалық тәсілдері мен құралдарын өздігінен таңдай ма?

### □ ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДЫЛАР

- Ересектермен және құрдастарымен өзара әрекеттесу: Сіздің балаңыз ересектермен және құрдастарымен ынтымақтаса алады ма? Ортақ мақсат қойып, олардың нәтижелерін талқылап, ересектермен бірлескен іс-шараларға қатыса ала ма?

Сауалнама ҚР МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес әзірленді және ересек (4 жастан бастап) пен мектепалды (5 жастан бастап) жастағы балалардың ата-аналарына арналған



Бақылау органы мемлекеттік аттестаттауды өткізу кезінде ата-аналардың (заңды өкілдердің) сауалнамаларды толтыруына қоңырау шалу әдісімен ішінара тексеруді жүзеге асырады



**Игенбаева Бижан Құрманғалиқызы**  
Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА Мектепке даярлық және бастауыш білім зертханасының меңгерушісі  
п.ғ.к., доцент

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕН БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ  
ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕН  
БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ АРАСЫНДАҒЫ  
САБАҚТАСТЫҚТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ


ИГЕНБАЕВА Б.Қ., п.ғ.к., доцент  
Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА Мектепке даярлық және бастауыш білім зертханасының меңгерушісі




БАЛА АЛТЫ ЖАСҚА ТОЛҒАНДА ...



МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛЫҚ КЕЗЕҢІ 5-6 ЖАС



ОЙЫН ӘРЕКЕТІ



ОҚУ ӘРЕКЕТІ

МЕКТЕП ОҚУШЫСЫ 6-7 ЖАС



Сонымен қатар, 2018 – 2019 оқу жылынан бастап студенттер дуалдық оқыту жүйесімен білім алуда. Студенттердің колледжде алған теориялық білімдерін Қызылорда қаласындағы көптеген мектепке дейінгі мекемелерде тәжірибемен ұштастырады. Соның дәлелі осы жылдың қаңтар айында М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі «Шұғыла» жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында екіжақты ынтымақтастық меморандумына қол қойды. Меморандумда білім алушылардың кәсіби құзіреттіліктерін «WorldSkills» талаптарына сәйкестендіру бағытындағы жұмыстарды өткізу; бірлескен эксперименталды жобалар, оқу-әдістемелік семинарлар, тренингтер мен конференцияларды ұйымдастыру; дуальды оқыту кезінде студенттердің практикадан өту мерзімін еңбек өтіліне есептеу қарастырылды.

Кәсіби құзіреттілікті қалыптасырудың барлық құрылымдық құрамдас бөліктері болашақ мамандардың білім беру ұйымдарындағы қызметіне, атап айтқанда, нақты педагогикалық жағдайларды шеше алу шеберлігіне бағытталған. Мамандардың кәсіби, тұлғалық даярлығы, яғни оның білім беру қызметі барысында иеленген білімі, тәжірибесі, жеке және әлеуметтік қасиеттері мен құндылықтарын жұмылдыру қабілеті оның кәсіби құзіреттілігін қалыптастырып, біліктілігін арттыруды құрайды және оны өз тәжірибесінде тиімді пайдалана алуымен өлшенеді.





### **Жалмуханова Жанылсын Утегеновна**

Ақмола облысы, «Өрлеу» біліктілікті арттырудың ұлттық орталығы» АҚ, «Ақмола облысы бойынша кәсіби даму институты» филиалы жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАР ПЕДАГОГТЕРІНІҢ КӘСІБИ ӨСУІ – БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ ФАКТОРЫ**

**Аннотация.** Бұл мақалада біліктілікті арттыру жүйесіндегі мектепке дейінгі ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесі қарастырылады, «Кәсіби құзыреттілік» түсінігі беріледі. Кәсіби құзыреттілікті дамыту үшін кәсіби ортаның маңызы – педагогтерінің жаңалықтары қарастырылады.

**Түйінді сөздер:** Кәсіби құзыреттілік, курстан кейінгі қолдау, Lesson study мен Research in action.

Білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістерге байланысты мектепке дейінгі ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында оның біліктілігін арттырудың жаңа нысандарын іздестіру аса маңызды.

Білікті педагогтер педагог мамандығының мәртебесін көтерудің қуатты факторы болып табылады. Педагогтің мәртебесі оның интеллектуалдық, кәсіптік деңгейімен, жеке тұлғалық қасиеттерімен белгіленеді. Осы қасиеттерді жетілдіру үшін біліктілікті арттыру жүйесінің қызметі арнайы бағытта болуы тиіс. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесіне көптеген өзгерістер енгізілді. [2]

Осы негізде «Өрлеу» біліктілікті арттырудың ұлттық орталығы» АҚ «Ақмола облысы бойынша кәсіби даму институты» филиалының мақсаты:

- педагог кадрлардың біліктілігін жүйелі арттыру,

- әлемдік және қазақстандық тәжірибені тасымалдау арқылы білімнің жоғары сапасын қамтамасыз ету. [3]

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» бүгінгі таңда мектепке дейінгі

ұйымның біліктілігін арттыруда ауқымды жұмыс атқаруда.

*Курстан кейінгі қолдау.*

Біліктілікті арттыру үдерісінде алған білім мен іскерлікті оқыту тәжірибесінде қолдану МДҰ педагогтерінің әдістемелік қолдау қажеттілігін тудырады.

Курстан кейінгі қолдаудың мақсаты: Ақмола облысының мектепке дейінгі ұйымдарының педагогтеріне олардың кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге және кәсіби қызметіндегі сапалы өзгерістерге қол жеткізуге ықпал ететін ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету. [5]

Курстан кейінгі қолдаудың міндеттері:

- \* біліктілікті арттырудың курстық және курстан кейінгі кезеңдерінің сабақтастығын қамтамасыз ету;

- \* педагогтердің қажеттіліктері мен кәсіби қиындықтарын анықтау;

- \* педагогтерге өздігінен білім алудың негізгі бағыттарын таңдауда әдістемелік қолдау көрсету;

- \* педагогтердің/білім беру ұйымдарының өтінімдері бойынша консалтингтік қызметті жүзеге асыру;

- \* курстан кейінгі кезеңде кәсіби қызметке

мониторинг жүргізу;

\* курстан кейінгі қолдауда педагогтарды тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шараларға қатысуға тарту.

Курстан кейінгі қолдау – «Өрлеу «БАҰО» АҚ филиалдарының профессорлық-оқытушылық құрамының курстан кейінгі кезеңде педагогке атаулы ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-әдістемелік қолдау көрсетуге бағытталған өзара байланысты іс-шаралар кешені. Педагогтің білім беру қызметін осы қолдау арқылы оның өзін-өзі дамытуға ықпал етеді. [5]

Курстан кейінгі қолдауды жүзеге асыру формалары мен тәсілдері.

1. Заттық саласына байланысты барлық өзгерістер туралы педагогтерді әдістемелік қолдау және уақытылы ақпараттандыру үшін:

1.1. Әр түрлі байланыс құралдары: электрондық пошта, әлеуметтік желі мессенджерлері (Facebook, WhatsApp), Google – Duo, Hangouts қызметтері).

1.2. Білім берудің әрбір деңгейі, білім беру саласы, бағыты немесе МДҰ бойынша желілік әдістемелік бірлестік.

1.3. Lesson study мен Research in action.

1.4. МДҰ педагог-эксперт пен педагог-зерттеуші санатты педагогтерінің тәжірибесін жалпылау. [5]

Курсаралық іс – шараларды ұйымдастырудың әр түрлі формаларының ішінде педагогтің кәсіби дамуының жеке траекториясын құрудасараланған көзқарасты қамтамасыз ететін «педагогикалық тәжірибе», қашықтықтан семинарлар, вебинарлар, ғылыми - практикалық онлайн-конференциялар, фестивальдар мен кәсіби шеберлік конкурстары ерекше орын алады. [5]

МДҰ білім беру сапасын арттыру үшін, ең алдымен, тәрбиеші біліктілігі жеткілікті дәрежеде өсіп, кәсіби шеберлік шыңына талпынған тұлға иесі болуы тиіс.

Алайда МДҰ педагогтері біліктілікті арттыру барысында көптеген қиындықтарға тап келеді:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, инклюзивті білім беру мазмұнын жаңартуға

себеп болған басты басымдықтар мен мемлекеттік саясаттың бағыттары туралы түсініктерінің жеткілікті дәрежеде нақты болмауы;

2) мектеп жасына дейінгі ұйымдарда балаларды дамыту мен оқытуды психология-педагогикалық қостау туралы білімнің жеткіліксіз дәрежеде болуы;

3) мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен оқыту, тәрбиелеудің отандық және шетелдік тұжырымдары саласындағы білімнің жеткіліксіз дәрежеде болуы;

4) мүмкіндігі шектеулі балалармен мектеп жасына дейінгі балалар ұйымдардың білім беру үдерісіне қосу мәселелері бойынша теориялық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білімнің жеткіліксіз дәрежеде болуы;

5) тәрбиешілердің инновацияларды игеру механизмдері және оларды игеру барысында психологиялық кедергілерді жеңу тәсілдері туралы түсініктің әлсіздігі;

6) М.Монтессори, «Step by step», Г. Альтшуллер, Н.Зайцев, В.Воскобович, М. Ибуканың балаларды ерте дамыту жөніндегі әдістері мен педагогикалық жүйе саласындағы жүйелі білімнің болмауы;

7) үлгілік бағдарламаны жүзеге асыру жағдайында мектеп жасына дейінгі топтарда педагогикалық үдерісті жобалаудың кәсіби машықтары деңгейінің жеткіліксіздігі;

8) мектеп жасына дейінгі балалар ұйымдары тәрбиешілерінің АКТ-біліктілігін дамыту деңгейінің төмендігі. [3]

Өкінішке орай, қазіргі уақытта құзыреттілігі, креативтілігі, инновацияны қолдануға және құруға дайындығы, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізу қабілеті бар педагогтерді қалыптастыру мәселесі әлі де бар.

Мектепке дейінгі ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың негізгі жолдарын анықтауға болады:

\* Әдістемелік бірлестіктерде, шығармашылық топтарда жұмыс жасау;

\* Зерттеу, эксперименттік қызмет;

\* Инновациялық қызмет, жаңа педагогикалық технологияларды игеру;

\* Педагогикалық конкурстарға, шеберлік

сыныптарына белсенді қатысу;

\* Педагогикалық тәжірибемен, жұмыс жүйесімен, авторлық табыстармен танысу;

Тәжірибе алмасу бойынша ашық іс-шаралар өткізу:

\* Педагогикалық оқулар;

\* Іскерлік ойындар;

\* Өзіндік педагогикалық тәжірибені жинақтау. [3]

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, мектепке дейінгі ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту - бұл білім беру жүйесінде шешуге болатын қазіргі заманғы білім беру жүйесін

дамытудың өзекті мәселесі екенін атап өткен жөн. Кәсіби құзыреттілікті дамыту моделін іске асыру кезінде педагогтің жеке және кәсіби қасиеттеріндегі оң өзгерістер процесі жүзеге асырылады.

Аталған мәселелер бойынша «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйымның біліктілігін арттыруда жұмысын жалғастыруда.

МДҰ білім беру сапасын арттыру үшін, ең алдымен педагогтерінің біліктілігі жеткілікті дәрежеде өсіп, кәсіби шеберлік шыңына талпынған тұлға иесі болады деген сенімдемін.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы [ЭР]. – URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_)

2. Педагог мәртебесі туралы ҚР Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ [ЭР]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

3. «Білімді ұлт» Сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы [ЭР]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>

4. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

5. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары және бастауыш мектеп педагогтарының біліктілігін арттыру курстарының оқу-әдістемелік кешендері. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы. Алматы 2018



**Садырова Айгуль Кумисбековна**

Жамбыл облысы, Байзақ ауданы  
«Астана» бөбекжай-бақшасы  
Әдіскер

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ КӘСІБИ ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ӨСУІ

*«Егер мен сабақ беруші ғана болсам, педагогтік деңгейге көтеріле алмас едім,  
шәкірттерімнің жүрегі мен үшін қақпасын мәңгі ашпас тас қамалдай болып  
қала берер еді.»  
В.Ф. Сухомлинский.*

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің міндеті ғылым мен техниканың қарқынды дамып келе жатқан заманында өмір сүруге икемді, шығармашылыққа бейімделген, бәсекеге қабілетті, қоғамда өзін көрсетуге дайын, білімді тұлғаны қалыптастыру. Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері - балаларға тәрбие мен білім беріп, оларды мән-мағыналы отаншылдық рухында тәрбиелейді. Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой - өрісінің кеңеюі балабақша қабырғасынан басталады. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының 2021-2025 жылдар аралығындағы мақсаты барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру.



Мемлекетіміздің Тәуелсіздігін жариялағанына биыл 30 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде елімізде оң өзгерістер, табыстар мен көптеген ғылыми жаңалықтар өмірге келді. Жаңаша ойлайтын білімді де білікті жастардың арқасында инновациялық технологиялар енгізіліп, қай салада болмасын әлемдік озық тәжірибе өмірімізге еніп келеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру деңгейін-үздіксіз білім беру жүйесінің бастапқы буынын іске асырушы-тәрбиеші. Тәрбиеленушілерге сапалы біліммен саналы тәрбие беруші – тәрбиеші. Мектепке дейінгі ұйым педагогі - арнайы дайындығы бар және педагогикалық іс-әрекетпен кәсіби айналысатын адам.





қаруланған қандай да бір негізі бар ой – тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады.

Енді осы ұғымдарды тереңірек талдайтын болсақ, құзырлылық-бұл адамның белгілі бір мәселелері шеше алу қабілеттілігі. Ол адамның білім –білік дағдысына орай белгілі бір нәрсеге қабілетті, сол сияқты өз қабілетіне сенімділігіне мен оны пайдалана білу деңгейіне байланысты белгілі бір мәселені шешуге мотивациясы. Маман құзырлығы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ол өз қызметіне ерік-күш, материал, уақыт, жүйке сияқты ресурстарды аз жұмсай отырып, нәтижеге жете алатындығы дәлелденген қағида. Яғни, педагог құзырлығы оның кәсіби қызметінің басты шарты болуы тиіс. Өзін-өзі басқару мен өзін-өзі бағалауға үйрету –біліктілігін жетілдіру, педагогтің кәсіби құзырын қалыптастыру болып табылады.

Б. Тұрғынбаева «... Өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша Құзырлық дегеніміз-педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы.

Педагогика - үнемі дамып отырған ғылым. Тәрбие мен білім берудің барлық салаларына негізгі мәселелерді ғылыми – теориялық, тәжірибелік жағынан талдау үшін педагогика ғылымында мынадай зерттеу әдістерінің жүйесі қолданылады:

#### 1. Педагогикалық құзырлық түсінігі

«Құзырлық» сөзі «құзыр»сөзінен алынған туынды сөз екендігіне баса назар аударамыз. Бұл туралы қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігіндегі: «құзыр(компетенция) –жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген. Ал Қазақстан

Ұлттық энциклопедиясында [6 том, 96 б.] «құзырет (компетенция)» -нақты органның не лауазымды тұлғаның заң жүзінде белгіленген өкілеттіліктерінің, құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы деп көрсетілген.

Латын тілінен аударғанда «құзырлық - өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзырлықты меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен



Қазіргі қоғамдағы педагогикалық қызмет – бұл қоғамдық құбылыс. Жаңа білімнің жинақталуы ұстаз қауымының өз қызметінің мазмұнын өмір талабына сай бейімделуін талап етеді.

Осыған орай, қазіргі таңда балабақша тәрбиешілеріне келесі бірыңғай әдістемелік талаптар қойылады: педагогикалық және психологиялық деңгейін көтеру: тәрбие мен білім берудің ең соңғы жаңа педагогикалық технологияларын зерттеп меңгеру және оны өзінің жұмыс барысында қолдана білу: өз білімін көтеруге, шығармашылықпен жұмыс атқаруға ынталандыру; балалар табыстары мониторингісін жасау және оны диагностика қоюдың қазіргі тәсілдерін меңгеріп, қолдана білу; авторлық бағдарламалар, курстар, құралдар, мақалалық ізденістер жасауға ұмтылдыру; тәрбиешінің педагогикалық – кәсіптік оң көзқарастарының және құндылықтарының қалыптасуына жағдай туғызу.

#### **Кәсіби құзыреттіліктің төрт түрі**

Арнайы, немесе қызметтік кәсіби құзыреттілік жоғары кәсіби деңгейде қызметті меңгерумен және тек арнайы білімді игеріп қоймай, сонымен бірге оны тәжірибеде қолдануды білумен сипатталады.

**Әлеуметтік кәсіби құзыреттілік** кәсіби қоғамдастықта қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін, біріккен кәсіби қызмет және серіктестік әдістерін игерумен сипатталады.

**Жеке** кәсіби құзыреттілік өзін-өзі көрсету және өзін-өзі дамыту әдістерін, кәсіби деформацияға қарсы тұру құралдарын меңгерумен сипатталады. Және осыған маманның өз кәсіби қызметін жоспарлауды, өз бетімен шешім қабылдауды, проблеманы көруді енгізеді.

**Дара (индивидуальды)** кәсіби құзыреттілік өз-өзін басқара білу тәсілдерін, кәсіби өсуге дайындық, кәсіби қартаюға берілмеу, кәсіби мотивацияның табанды болуы қасиеттерін меңгерумен сипатталады.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзырлығын қалыптастыру үшін мынадай бағыттардың қалыптасқаны дұрыс:

1. Тәрбиешінің педагогикалық –

психологиялық негізін қалыптастыру.

2. Ақпараттық құзырлығын қалыптастыру.

3. Ата-анамен байланыс.

4. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру.

5. Баланы тұлға ретінде тәрбиелеу шеберлігі.

6. Педагогтердің педагогикалық шығармашылығы.

Өзіндік дамудың екі педагогикалық нәтижесі бар. Бірінші жағынан – тұлғалық даму мен кәсіби өсуде болатын өзгерістер, екінші жағынан – өзіндік дамумен айналысуға қабілеттілікті игеру.

Аталған нәтижелердің жүзеге асқандығын төмендегі әрекеттерден көруге болады.

- Мақсат қоя білу; өз алдына кәсіби мәнді мақсат пен өзіндік даму міндеттерін қою;

- Жоспарлау: өзіндік даму құралдары мен әдістерін, әрекеттері мен тәсілдерін таңдау;

- Өзіндік бақылау: өзіндік дамудағы қадамдар мен нәтижелерді салыстыру;

- Түзету: өзімен жүргізілген жұмыс нәтижелеріне қажетті түзетулер енгізу.

Мұндай әрекеттерді меңгеру және жүзеге асыру белгілі іскерліктер мен уақытты талап етеді. Сондықтан зерттеушілер кәсіби өзіндік дамудың сатыларын бөліп көрсеткен: Бастапқы сатысында кәсіби өзін – өзі тәрбиелеуді меңгерудің мақсаты мен міндеттері нақты емес, мазмұны толықтыруды қажетсінеді. Құралдары мен әдістері толық анықталмаған. Екінші сатысында мақсаты нақтылана бастаған. Алға қойылған мақсат пен міндеттер белгілі тұлғалық қасиеттерді керек етеді. Өзіндік талдау жүзеге асады. Үшінші сатысында педагог мақсат пен міндеттерді өзбетімен және негізделген түрде қояды. Сондықтан өзіндік даму мазмұны жекеленген сапалардан маңызды және жалпы кәсіби мәні бар тұлғаның қасиеттерін қажетсінеді. Жұмысты жоспарлау, құралдарды таңдау, өзіндік әрекет жасау жүзеге асады. Өзіндік дамудың барлық негізгі әрекеттері – мақсатқоюшылық, жоспарлау, өзіндік бақылау, түзету күштеусіз, автоматты түрде жүзеге асады. Кәсіби өсу –

технологиялық әрекеттің үнемі жүзеге асуы, бағытталудың, құзыреттілік және кәсіби қажетті сапалардың баюшылығы, еңбектік қалыптасудың тиімділігін арттыру.

Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да, маманның білім жетілдірудегі құзырлығын, яғни өз саласы бойынша ой пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажеттілігіне сай толықтырып отыруды талап етеді.

Жоғарыда айтылған теориялық идеяларға сүйене отырып, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің құзырлық амалы жинақталған білім мен біліктілікті пайдалана алуы оның кәсіби тұлғалық өсуінің негізі болады, -деп түйіндемекшімін.

Осындай құзыреттіліктерді бойға сіңіріп, өзім қызмет жасап жүрген Жамбыл облысы Байзақ ауданының Сарыкемер ауылында орналасқан «Астана» бөбекжай-бақшасын таныстырып өтейін. Мемлекеттік «Балапан» бағдарламасының аясында 2013 жылдың қыркүйек айында 280 орынға арналып ашылды.



Негізгі қызмет түрі: Балалардың денсаулығын сақтау, тәрбиелеу және оқыту, сауықтыру, тіл кемістігін түзету. М.Монтессори әдістемесін жүргізу.

Балабақшаның материалдық базасы заманауи үлгіде жабдықталған, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы және топтардың толымдығы ескерілген. Ұжымда 82 қызметкер жұмыс атқарады.

Заманға лайық тәрбие мен білім беру ісін кешенді ұйымдастыру - жаңа технологияларды, тың идеялар мен

шығармашылықты қажет етеді. Бала – болашағымыз десек, сол бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне мектепке дейінгі тәрбиенің тигізер әсерінің маңызы зор. 2013 жылы баланы шығармашылық және танымдық дамытуға бағытталған бағдарламаларды сынақтан өткізу еліміздің 77 балабақшасының базасында жүргізілді, соның бірі - «Астана» балабақшасы. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 02.09.2013 жылға 598 бұйрығымен 2013-2014 оқу жылынан бастап «Астана» балабақшасы «Балабақша жағдайында инновацияларды енгізуді ұйымдастыру – педогогикалық шарттары» тақырыбында ғылыми - педогогикалық экспериментті жүргізуші алаң ретінде таңдалынып алынған. Эксперименттік жұмыстың негізгі мақсаты: Балабақша жағдайында инновациялық бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыру, жаңа бағдарламалар әзірлеу, оқу – әдістемелік кешендер жасау, озық іс – тәжірибелерді насихаттау. 2013-2017 жылдары аралығында Жамбыл облысы білім басқармасының қолдауымен «Балабақша жағдайында инновацияларды енгізуді ұйымдастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында төрт жылға жоспарланған сынақ алаңында жұмыс жүргізілді. Эксперименттік жұмысқа енгізілген «Монтессоридің ғажайып әлемі» бағдарламасы жасалып, оқу жоспарының вариативті бөліміне енгізілді.

Ғылыми-педагогикалық экспериментті ұйымдастыруда ТарМПИ ғалымдарымен сабақтастықта жұмыстар атқарылып, институтта ұйымдастырылған семинарларға қатысып, сертификаттармен марапатталды.

Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды қолдануда ерекше көзге түсіп, алдыңғы қатарлы балабақшалардың арасында табысты еңбек етіп, аудандық, облыстық, республикалық деңгейде жетістіктерге жетуде.

ТарМПИ, Тараз қаласында «Өрлеу»

БАҰО АҚ филиалы Жамбыл облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында, Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу – әдістемелік кабинетінің мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілеріне арналған ғылыми – тәжірибелік семинарларына үзбей қатысып, сабақтастықта жұмыс атқаруда.



«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Қостанай қаласында өткен «Қазақстанда мектепке дейінгі білім берудің ғасырлық тарихи шежіресі атты облыстық, республикалық педагогикалық оқуларға әдіскер Садырова Айгуль Кумисбековна қатысты. Білім беру саласында жас жеткіншектердің тәрбиесі мен кемел келешегіне ықпал етіп, сапалы білім, саналы тәрбие берудегі еңбегі үшін меңгеруші Джарылқапова Лайля Мейрамбаевна Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің құрмет грамотасымен марапатталды. 2019 жылы Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің дамуы жолында қол жеткізген табыстары мен жұмыстағы жоғары кәсіби шеберлігі үшін «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының грамотасымен Садырова Айгуль Кумисбековна, «Ұлттық мұра», «Туған жер-

алтын бесігім!» атты облыстық байқауының «Үздік орындаушы» номинациясы бойынша «Астана» балабақшасының ұжымы ІІ дәрежелі дипломмен, 2020 жылы «Шығармашыл педагог», «Шығармашыл жас маман» атты облыстық байқауда тәрбиеші Байдаулетова Толкынай Оспаналиевна ІІІ дәрежелі дипломмен, бейнелеу өнерінің жетекшісі Күшікбаева Индира Үсенқызы, ІІІ дәрежелі дипломмен логопед Сыдыманова Диана Оразбекқызы, музыка жетекшісі Садирмекова Айман Бекназаровна марапатталды.

2021 жылы Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен өткен «Балғын зерттеушілер» атты облыстық жобаның жеңімпаздары тәрбиешілер Оршабекова Айсулу Амантаевна, Бекбатчаева Меруерт Карабаевна тәрбиеленушілер Ермек Бағым, Нұрхатди Жайна ІІІ дәрежелі дипломмен, «Балабақшада инклюзивті білім беру салаларын іске асыру жолдары» тақырыбындағы облыстық семинарда өз іс-тәжірибесімен бөліскені үшін тәрбиешілер Менлибекова Газиза Кылышбековна, Бекбатчаева Меруерт Карабаевна, Алтыбаева Нурсулу Талғатовналарға сертификат берілді. «Тәуелсіздік тұғыры» атты облыстық фестивалінің ІІ дәрежелі дипломымен тәрбиеленушілер мен тәрбиешілер Читабаева Маржан Жакипбековна, Алтыбаева Нурсулу Талғатовна, Искандарова Асель Жанибековна, «Даланың алып қоңырауы» облыстық педагогикалық оқудың «Елін сүйген -Елбасы» атты мәнерлеп оқу байқауының жеңімпазы тәрбиеленуші Жақсыбай Аниса ІІ дәрежелі дипломмен, «Қазақстан-менің ортақ үйім» облыстық балалар байқауының жеңімпаздары мен жетекшілері І, ІІ дәрежелі диломдармен марапатталды. Балабақшамыздың мақтанарлық игі істері ұжымның шығармашылықпен жұмыс жасауының арқасы. Елбасы қойған биік мақсатқа ұжым мүшелерінің тұрақтылық пен келісімде, түсіністік пен жауапкершілікте белсенділік танытып, бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, алдағы атқарылар істерде өз үлестерін қосатынына сеніміміз зор.





**Шаяхметова Айсулу Алкешовна**

Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова  
Заведующая кафедрой социальной и возрастной  
педагогике, кандидат филологических наук,  
ассоциированный профессор

**ОБ ОСОБЕННОСТЯХ РАЗРАБОТКИ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ  
«ДОШКОЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ»**

**Аннотация.** в статье рассматриваются вопросы разработки Образовательной программы для подготовки педагогов-воспитателей, представлены алгоритм составления профессиональных компетенций в дошкольном образовании, а также о достижениях ОП «ДОВ» в КУ им. Ш. Уалиханова.

**Ключевые слова:** Образовательная программа, стейкхолдеры, взаимодействие, направление подготовки, функции профессиональной деятельности.

Нобелевский лауреат, профессор Джеймс Хекман, доказывая высокий потенциал к обучению и развитию в первые пять лет, утверждал, что ранний возраст с точки зрения развития человека является эффективным, потому что «упущенное время дошкольника» имеет более серьезные последствия как для развития ребенка, так и для экономики в целом, чем недополученные знания детей-школьников [1].

Как свидетельствует источник НОБД охват детей дошкольным образованием по Казахстану увеличился, так наибольший охват наблюдается в Туркестанской (90,5%), Жамбылской (71,1%), Алматинской (59,9%), и т.д., наименьший охват в Карагандинской (19,6%), Мангистауской (20,4%), в Акмолинской области охват дошкольным образованием увеличился с 2018 года (20,78%) до 33,56% в 2020 году. С увеличением охвата детей наблюдается ежегодный рост сети ДО и в сравнении с 2019 годом сеть ДО увеличена на 0,63 % [2].

Таким образом, увеличение сети дошкольных организаций, охват детей дошкольным образованием, демографический рост и т.д. обнажает

проблему подготовки педагогов-воспитателей для работы в системе дошкольного образования.

Известно, что с профильным дошкольным образованием в Казахстане работает 30620 педагогов, что составляет 48,6 % с высшим образованием, 30777 человек (32,1%) с техническим и профессиональным образованием в числе которых 72,8 % (22410 чел.) имеют профильное дошкольное образование [2].

Содержание профессионального высшего образования находится в постоянном развитии, реагируя на изменения в экономике и обществе, на изменения исторической формации, адаптируясь к их меняющимся потребностям потребителей образования и работодателей. Профессиональное высшее образование Казахстана развивается, как звено в системе обучения на протяжении всей жизни и призвано удовлетворять потребности личности, общества и государства в получении гражданами образования, высокой профессиональной квалификации и компетенции.

Возможности удовлетворения потребности личности и спроса

потребностей региональных рынков труда компетентными специалистами наиболее полно реализуются в вузах. Вузы сегодня выступают как наиболее адаптированные к новым социально-экономическим условиям типы образовательных учреждений образования, стремящиеся максимально интегрироваться в рыночные образовательные комплексы, реализующие многоуровневые, многопрофильные образовательные программы для различных категорий рынка труда. Вузы призваны готовить востребованные кадры и специалистов-бакалавров, формировать высокоинтеллектуальных, критически мыслящих, творческих и предприимчивых личностей.

Выпускники вузов должны быть способны участвовать в научно-промышленном развитии Казахстана, стать основой инновационно-технического, предпринимательского класса чело-веческого ресурса, носителями фундаментальной культуры, общечеловеческих ценностей.

Образовательная программа в рамках предоставления академической свободы вузов Казахстана стала основным документом, который ориентирован на качественную подготовку специалистов в высшем учебном заведении. Образовательная программа включает в себя цель, задачи, результаты обучения, а также описания дисциплин, которые предстоит изучать студентам в течение всего периода обучения.

Уже стало традицией проведение в нашем университете семинаров с участием преподавателей/разработчиков ОП, работодателей, студентов и выпускников данной программы. Образовательная программа – это комплекс мер, утвержденный Министерством Науки и образования РК, с помощью которого можно выявить уровень навыков, знаний и умений для разных курсов обучения в вузе.

В такой программе четко прописано, что должен изучить студент на каждом курсе. В соответствии с этим документом

преподаватели создают собственные учебные планы – информацию в письменном виде о том, какие материалы и в какой форме нужно преподнести студентам, какие навыки сформировать, какие знания донести, какие науки и насколько углубленно изучить.

Наряду с нормативными документами и актами, такими как Закон Республики Казахстан «Об образовании» [3], Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы [4], Профессиональный стандарт «Педагог» [5], Государственный общеобязательный стандарт высшего образования [6], Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения [7], Национальные рамки классификаций (НАР) [8], Классификатор направлений подготовки кадров с высшим и послевузовским образованием [9] и Типовые правила [10], [11], [12], Образовательная программа разрабатывается на основе принципов дошкольной дидактики, психолого-педагогических особенностей развития возраста, ведется учет актуальности тем и дисциплин и отбор проводится на предмет соответствия современным требованиям «рынка педагогического труда».

Образовательные программы дошкольного образования направлены на разностороннее развитие детей дошкольного возраста с учетом их возрастных и индивидуальных особенностей, в том числе достижение детьми дошкольного возраста уровня развития, необходимого и достаточного для успешного освоения ими образовательных программ начального общего образования, на основе индивидуального подхода к детям дошкольного возраста и специфичных для детей дошкольного возраста видов деятельности.

При разработке ОП «Дошкольное обучение и воспитание» мы опираемся на функции профессиональной деятельности педагога-воспитателя: обучающая, воспитывающая, методическая, исследовательская и социально-коммуникативная. Все дисциплины обязательные и

элективные направлены на формирование профессиональных компетенций педагога-воспитателя при учете главной образовательной деятельности специалиста.

Образовательная деятельность анализируется с помощью работодателей, а также апробируется на занятиях и практике в дошкольных организациях, все это стало возможно при внедрении системы дуального обучения, так для наших студентов проводят занятия в детских садах города Кокшетау методисты ДО.

Образовательная программа строится на взаимодействии специалистов системы высшего и дошкольного образования: использование различных форм проведения занятий (кейсы, круглые столы, коучинги, проектная деятельность); привлечение высококвалифицированных кадров; внедрение инновационных технологий на основе учета практико-ориентированных подходов; создание условий взаимодействия в рамках научно-практической и исследовательской деятельности.

Исследования, проведенные во многих странах подтверждают, что высокая успеваемость наблюдается у детей школьного возраста тогда, когда ребенок имел опыт дошкольного образования. В связи с этим утверждением перед вузами, осуществляющими подготовку

педагогов-воспитателей стоит задача реализации качественного образования будущих специалистов, которые должны быть вооружены профессиональными и специальными навыками, умениями и знаниями. И это в первую очередь качественное содержание базовых и профилирующих предметов, так для развития прикладных умений студенты посещают занятия методистов детских садов г.Кокшетау, где непосредственно знакомятся с технологиями, методами и приемами проведения занятий для дошкольников.

Немаловажным является и наличие элективных дисциплин, которые проходят внутреннюю, а затем и внешнюю экспертизу, так в начале обсуждения Образовательной программы работодатели обсуждают не только название дисциплины, но и рассматривают какие модули необходимо ввести в содержание предмета, для того, чтобы способствовать развитию у будущих воспитателей любовь к детям, эмпатии, интеракции и перцепции.

Как видим, для педагога-воспитателя важным является комплексный подход к образованию, включающий в себя не только знания предметов, а сколько овладение психолого-педагогическими навыками взаимодействия с детьми в дошкольной организации.

### **Список литературы:**

1. Heckman (2021), Top 20 Resources, <https://heckmanequation.org>.
2. Национальный доклад 2020 о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан по итогам 2020 года. Министерство Образования и Науки Республики Казахстан. АО «Информационно-аналитический центр».
3. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 г., № 319-III ЗРК (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.01.2020 г.);
4. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы (Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 988)
5. Профессиональный стандарт «Педагог» (утвержден протоколом №2 заседания Республиканской отраслевой трехсторонней комиссией по социальному партнерству и регулированию социальных и трудовых отношений при МОН РК от 23 ноября 2016 г. и Приказ Председателя Правления Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» № 133 от 8 июня 2017 года
6. Государственный общеобязательный стандарт высшего образования (утвержден Приказом МОН РК № 604 от 31.10.2018 г. с изменениями, внесенными Приказом Министра образования и науки РК от 05.05.2020 № 182)

7. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения (утвержден Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 604, изменением, внесенным Приказом Министра образования и науки РК от 05.05.2020 № 182)

8. Национальные рамки классификаций (НАР) (утверждена протоколом от 16.03. 2016 г. Республиканской отраслевой трехсторонней комиссией по социальному партнерству и регулированию социальных и трудовых отношений)

9. Классификатор направлений подготовки кадров с высшим и послевузовским образованием (утвержден приказом МОН РК от 13 октября 2018 года № 569)

10. Типовые правила деятельности организаций образования, реализующих образовательные программы высшего и (или) послевузовского образования (утверждены приказом МОН РК № 595 от 30.10.2018 г.)

11. Типовые правила приема на обучение в организации образования, реализующие образовательные программы высшего и послевузовского образования (утверждены приказом МОН РК от 31 октября 2018 года № 600 (с изменениями и дополнениями от 14.06.2019 г. № 269)

12. Правила организации учебного процесса по кредитной технологии обучения (утверждены приказом МОН РК № 152 от 20.04.2011 г. (с изменениями от 12.10.2018 г., приказ № 563).



**Есенова Шолпан Асановна**

Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы  
Білім бөлімі  
Әдіскер

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

**Мақсаты:** Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы педагог қызметкерлердің кәсіби білімдері мен біліктіліктерін қалыптастыру.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілерінің кәсіби құзыреттілігін көтерудің негізгі проблемаларға тоқталып өтсек

Атап айтатын болсақ: әлді жақтары:

Біліктілік арттыру курстарының жүйелі жүргізілуі;

Проблемалық курстардың өткізілуі; Кәсіби шеберлігін арттыруда қолдау көрсетілуі;

Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Әлсіз жақтарын атап айтатын болсақ:

Кадрлардың үздіксіз өзгеріп отыруы; тұрақсыздық;

Педагогикалық шеберліктерінің аздығы;

Мамандардың жетіспеушілігі.

**Мүмкіндіктеріміз:** Тәрбиешілердің денсаулығын жақсарту, жаңа технологияларды меңгеру, тәрбиешінің өз білімін өзі жетілдіруі, АКТ қолдану, дарынды тәрбиешілердің шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыру, нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, іс-тәжірибиені тарату, қайта даярлау курстарынан өткізу.

**Қатерлер:** Тәрбиешілердің шамадан тыс жүктемелерінің болуы, әкімшілік тарапынан қолдау көрсетілмеуі, уақытылы біліктілік арттыру курстарынан өткізілмеуі, тәрбиешінің өзін жетілдіруде білімінің аздығы.

Яғни осы проблемалар мен шешу жолдары нескерекеле, тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін бір қатар шешу жолдарын ұсынамыз. Тәрбиешілер біліктілік арттыру

курстарынан өткізілді: Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткізілген проблемалық курстар, әдіскерлер мектебі, директорлар мектебі, біліктілік арттыру курстары бойынша инклюзивті білім беру, мектепке дейінгі ұйымның сапасын бақылау, мектепке дейінгі ұйым және бастауыш білім беру мазмұнының сабақтастығы.

Сондай-ақ, жас мамандарға қолдау мақсатында бөбекжайларда «Тәлімгерлер мектебі» жобасы іске асырылды.

Бұл жоба үш кезеңнен тұрады: бірінші кезең - дайындық кезеңі, бұл жерде шығармашылық топ құрылып, іс-шаралар жоспарланып, әр тапсырмалар бойынша құжаттар пакеті әзірленіп, қатысушы жас мамандар тізімі әзірленеді.

Практикалық кезеңде жас мамандардың кәсіби қалыптасуы жүреді. Бұл жерде толық нормативтік құқықтық құжаттармен танысып, жас маманның қалыптасуының жеке жоспары құрылып, өзіндік талдауы жасалады, тәлімгердің жас маманның жұмысын талдауы кіргізіледі.

Қорытынды кезеңде жас мамандар шеруі өткізіліп, өздерінің практика жүзінде іс-тәжірибиесімен бөліседі.

Сонымен қатар бөбекжайларда «Әжемнің ертегісі», «Алғашқы ұстаз – ата-ана» жобасы, «Сиқырлы тақта» облыстық жобалары арқылы тәрбиешілердің кәсіби шыңдалуына үлкен мүмкіншілік беріледі. Бұл жобалар ата-ана, тәрбиеші, тәрбиеленуші негізінде қаланады, яғни үштік одақ арқылы өздерінің іс-тәжірибиелерін таратады.

Атап айтатын болсақ, «Алғашқы ұстаз – ата-ана» жобасы аясында тәрбиешілер арасында қалалық байқау өткізілді. Байқау тәрбиешінің тек кәсіби шыңдалуын ғана емес, сонымен қатар, функционалдық сауаттылығын, АКТ-ны қолдануын, сөйлеу шеберлігі мен ойлау шеберлігін арттырады. Әр кезеңде өздерінің шеберлігін шыңдап көрсете білді.

«Сиқырлы тақта» облыстық жобасы негізінде қалалық коучинг өтті. Педагогтер бұл коучингте өздерінің іс-тәжірибиелерімен бөлісіп, жобаға негізделе жасалған көрме материалдарын ұсынды.

«Әжемнің ертегісі» жобасы негізінде қалалық семинар-тренинг өткізілді. Бұл семинарда тәрбиешілер тек өздерінің кәсіби шеберліктерін танытты.

Сахналау, ертегіні сомдау, кейіпкердің ойын жеткізу - осының барлығы бір жобаның негізінде көрініс тапты.

Осындай кәсіби шыңдалудың қорытындысында әрбір тәрбиеші тарапынан жобалар бойынша бірқатар әзірлемелер жасалып, ата-аналарға кеңес, сигналдық карталар, қазақ әндер жинағы, ойындар каталогы әзірлемелері жасалды.

Бүгінгі заман талабы – жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан, өзіндік тұжырым жасай алатын, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен таба білетін құзыретті тұлға болу.

Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді – кәсіби құзіреттілігі жоғары тәрбиеші ғана жүзеге асырмақ. Сондықтан әр кезде тек ізденісте, шығармашылықта болған жөн.